# ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА
## № 1
## Эссе

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл.

— Көптен күткен Тәуелсіздігіміз
сонда соқпағымызды көруге
жол берді!
~ Н. Ә. Назарбаев.

Сан мың жылдар бойы ата-бабаларымыз аңсаған тәуелсіздігімізді біз 30 жыл бұрын қол жеткізген болатынбыз. Осы егемендікті алу үшін біздің ата-бабаларымыз қуғын-сүргін, ашаршылық, зорлық-зомбылық деген ажал құмарлық заттармен қақтығысты. 1731-1991 жылдар аралығында халқымыз отаршылдық саясатқа қарсы 200-ден астам көтерілістер өткізді. Бұл егемендік ел құруға көп пайдасын тигізді.

1990 жылы Горбачев бастаған „Қайта құру" саясатының нәтижесінде КСРО мемлекеті ыдырады. КСРО құрамында болған көптеген мемлекет өз тәуелсіздігін алды. Нәтижесінде Қазақстанда 1991 жылдың 16 желтоқсанында әлемге өз егемендігін паш етті. Тәуелсіздік алғаннан кейін, әрине, жас мемлекет алдында көптеген шешілмеген және шешімін әлі табылмаған қиындықтар тұрды. Олар мысалға: елдегі экономика мәселесі мен жұмыссыздықты шешу мәселелері болды. Тәуелсіздік алғандағы елдің экономикасына келсек, ол 3 кезеңнен тұрды. Бірінші кезең ол шамамен тәуелсіздігімізді жариялағаннан ұлттық валюта шығарылғанға дейін. (1991-1993). Екінші кезең ол „Өтпелі кезең" деп аталынды. Осы кезеңде еліміз экономиканы алға тарту үшін әртүрлі жолдар қолдана бастады. Соның нәтижесінде көптеген қиындықтарға тап болдық. Соңғы кезең ол „Шешуші кезең". Осы кезеңде еліміз өзінің экономикалық стратегиясын нақты біліп, алға жылжыды. Менің ойымша, еліміз „Өтпелі кезеңде" айтарлықтай қателік жіберсе де, қазіргі таңда бұл біз үшін үлкен тәжірибе болды.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

# ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА

## № 1

## Эссе

Тәуелсіздік алғаннан бері еліміз 120-дан астам шетел мемлекеттерімен келісімдер жүргізіп, түрлі ұйым мен бірлестіктерге мүше бола алды. Соның бірі Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ). Осы ұйымға Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Қытай сияқты мемлекеттер мүше болды. ШЫҰ-дан басқа еліміз ЕҚЫҰ бірлестігіне мүше болды. Ал 2010 жылы Мадридте өткен жиналыста Қазақстан ЕҚЫҰ-ға басшылық бола алды. Жуырда елбасымыз ЕҚЫҰ мүшелеріне ~~(жер)~~ және Сыртқы Істер министрлігіне бейресми жиналыс өткізді. Осы жиналыста Н. Ә. Назарбаев 1975 ж. құрылған ЕҚЫҰ ұйымына Қазақстан тәрізді жас мемлекет, жай ғана мүше емес, осы ұйымның алдында тұрғанына, үлкен мақтанышпен жеткізді. Шынымен, тәуелсіздігін жаңа ғана алған мемлекет үшін бұл даму жолында үлкен қадам болды.

Н. Ә. Назарбаев „Қазақстан – 2030" және „Қазақстан – 2050" ~~елді~~ стратегиясын елді алға қарай дамыту үшін қабылдаған болатын. Осы стратегиялардың арқасында еліміз 30 үздік мемлекеттер қатарына кіруге тиіс болатын. еліміз әлі де осы жолдың үстінде. 1991 жылы Н. Ә. Назарбаевтың жарлығымен „Невада-Семей" полигоны жабылған болатын. Және дәл сол жылы еліміз ядролық қарудан бас тартқан болатын. Менің ойымша, Қазақстан Тәуелсіздігінің қалыптасуында осы тарихи оқиға маңызды рөл атқарды.

Еліміздің жаңа жетістіктеріне келетін болсақ, „ЭКСПО-2017" көрмесін атап кету маңызды. Көрмені елімізде өткізу керек екендігі Париж қаласында ХКБ-да дауыс беру арқылы анықталды. Нәтижесінде 110 мемлекет, біздің „Future Energy" бағдарламасын қолдап, елімізге дауыс берген болатын.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

**ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА**

**№ 1**

**Эссе**

2020 жыл басталғаннан бері елімізге үлкен індет келді. Бұл індетке ешкім дайын емес еді. Пандемия ел экономикасына, халқына көп зиянын жеткен болатын. Сонымен қатар адамдар медиа сауатсыз болды. Олар жалған ақпаратты бір-біріне таратып, білмей бір-біріне жамандық жасап отырды. Еліміздегі өлімнің күрт өсуі, ИВЛ құрылғыларының жетіспеушілігіне де байланысты болды. Осындай жағдайларда ауру адамдарға мемлекет тарапынан көмек аз байқалды, қарапайым жұрт бірігіп көмектескен болатын. Осы уақытта Қазақстанда тек қана Коронавирус пандемиясымен ғана емес, жемқорлықпен де күрес жүріп жатты. Пандемия мәселесін қорытындыласақ бір ғана түйін айту мүмкін емес. Бірақ өзіңе белгілісі елімізде „тоқтамайтын" жемқорлықтың бар екеніне көзіміз жетті.

2019 жылдан бастап елімізді дамыту үшін түрлі жобалар қабылдануда. Мысалға „Рухани жаңғыру", „Жасыл Ел", „Кәсіпорындарды дамыту" бағдарламалары жүзеге асырылуда. Олар барлығы сәтті жүзеге асырылды деп айтуға болады. Бірақ 2010 жылдары қабылданған бағдарламаларға қарасақ, олардың тиісті түрде орындалмағанын байқаймыз. Мысалға ауыз су бағдарламалары қабылданған болатын. Олар „Ауыз су" және „Ақ бұлақ" жобалары. Осы жобалардың арқасында ауылдық аймақтар ауыз сумен қамтамасыз болуы керек болды. Бірақ, осы бағдарламаларға миллиондаған қаржы бөлінгенмен, тиісті түрде орындалмағанын байқаймыз. Ауыл халқы үшін әлі де ауыз су арман болып қалды.

Осы жағдайларды қорытындылай келе, еліміздің жетістіктеріне де, кемшіліктеріне де байқадым. Жетістік-



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

# ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА

## № 1

## Эссе

~~(терінде)~~ тегімізбен мақтанып, қателіктеріміз ~~(бұ)~~ біз үшін үлкен тәжірибе бола алды. Біз жастар оны түсініп, Егеменді елімізді алға қарай дамыту үшін, бар күш жігерімізді салу қажетпіз. Сонда ғана Қазақстан әлемдік тарихта үлкен орын алған мемлекеттер қатарына кіреді деп сенемін.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

# ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА
## № 2

| Тесттің № / № теста | 1 нұсқаның жауабы - A / 1 вариант ответа - A | 2 нұсқаның жауабы - B / 2 вариант ответа - B | 3 нұсқаның жауабы - C / 3 вариант ответа - C | 4 нұсқаның жауабы - D / 4 вариант ответа - D |
|---|---|---|---|---|
| 1 | V | | | |
| 2 | | | | V |
| 3 | | | V | |
| 4 | | V | | |
| 5 | V | | | |
| 6 | | | | V |
| 7 | | | | V |
| 8 | | | | V |
| 9 | | V | | |
| 10 | | V | | |
| 11 | | | | V |
| 12 | V | | | |
| 13 | | | | V |
| 14 | | | | V |
| 15 | | V | | |
| 16 | | V | | |
| 17 | | | | V |
| 18 | | | | V |
| 19 | | | V | |
| 20 | | V | | |

*Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ